



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2017 жылғы 12 маусым

### **Қазақстандықтардың теңгеге деген сенімі қайтадан қалпына келуде – А. Ахметов**

Халықтың ұлттық валютаға деген сенімі қалпына келуде, долларсыздану процесі жалғасуда. Бұл жөнінде ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов бүгін ҚР Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысында баяндама жасаған кезінде хабарлады. «2016 жылы депозиттердің долларлану деңгейі тарихи ең жоғары 70% деңгейден 55%-ға дейін төмендеді. Осындай серпін ағымдағы жылы да жалғасуда – ұлттық валютадағы депозиттер қаңтар-сәуір аралығында 10,3%-ға ұлғайды, валюталық депозиттер 12,6%-ға қысқарды. Нәтижесінде екі ай қатарынан теңгедегі депозиттердің үлесі валюталық депозиттер үлесінен асып түсті», – деп ол ҚРҰБ-ның деректерін келтірді.

А. Ахметов валюта нарығындағы ахуалды тұрақты деп бағалады. Оның сөздері бойынша ол іргелі сыртқы және ішкі факторларды білдіреді.

«Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 2016 жылы 2%-ға, 2017 жылдың басынан бастап 5 ай ішінде 6,3%-ға нығайды. Ұлттық Банк валюта нарығында 2016 жылғы қыркүйектен бастап өктемдік жүргізбейді. Орын алып отырған теңгерім нарыққа қатысушылардың шетел валютасына сұранысы мен ұсынысының арақатынасымен толық айқындалады», – деп атап өтті А. Ахметов.

### **ҚР қаржы ұйымдары және бейрезиденттер тарапынан қысқа мерзімді ноттарға деген сұраныстың жоғары екендігі байқалды – А. Ахметов**

Ақша нарығында теңге өтімділігінің құрылымдық профициті сақталуда. Инфляцияға және айырбастау бағамына қысымды шектеу мақсатында өтімділікті алу қысқа мерзімді ноттарды шығара отырып жүргізілуде. Айналыстағы ноттар көлемі 2017 жылғы мамырдың соңында 2,7 трлн. теңгеге жетті. Бұл туралы бүгін ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов ҚР Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет комитетінің Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін талқылау жөніндегі кеңейтілген отырысында жасаған баяндамасында хабарлады.

«Отандық қаржы ұйымдары тарапынан да, бейрезиденттер тарапынан да ноттарға деген сұраныс жоғары. Бұл айырбастау бағамы саясатының дұрыс екенін және пайыздық мөлшерлемелердің барабарлығын көрсетеді, – деп тұжырымдады А. Ахметов. – Соңғы 12 айда Ұлттық Банк Қаржы министрлігімен бірлесіп мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша тәуекелсіз кірістілік қисығын қалыптастыру бөлігінде едәуір алға жылжыды».

Оның айтуынша, ҚРҰБ 1 жылға дейінгі айналыс мерзімі бар меншікті ноттарды жүйелі түрде шығаруда, өткен жылдың қараша-желтоқсанында қайталама нарықта Қаржы

министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарымен активтік операциялар жүргізілді. «Қаржы министрлігімен бірлескен үйлестірілген жұмыс жүргізу шеңберінде ағымдағы жылдың қаңтарынан бастап 3 – 10 жыл айналыс мерзімі бар мемлекеттік бағалы қағаздардың жаңа шығарылымдарын жүйелі түрде орналастыру жаңартылды. Кірістілік қисығын құру бойынша жұмыс жалғасуда», – деп мәлімдеді А. Ахметов.

### **Инфляцияны тұрақтандыру Ұлттық Банкке базалық мөлшерлемені жүйелі түрде төмендетуге мүмкіндік берді – А. Ахметов**

ҚРҰБ Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов ҚР Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет жөніндегі комитетінің кеңейтілген отырысында баяндама жасай отырып, депутаттарды Үкіметтің 2016 жылғы республикалық бюджетті орындауы шеңберінде ақша-кредит саясатының барынша маңызды аспектілері туралы хабардар етті.

А. Ахметов атап өткендей, 2016 жылдың қорытындысы бойынша инфляция 8,5% болды, ағымдағы жылғы мамырда 7,5%-ға дейін төмендеді. Осылайша, оның айтуынша инфляция Ұлттық Банктің 6-8% нысаналы дәлізінің шегінде тұр. «Біздің болжамдарымыз бойынша инфляция деңгейі 2017 жылы күйзелістер болмаған кезде Үкімет пен Ұлттық Банк айқындаған дәліздің ішінде болады. Инфляцияны 8%-дан төмен деңгейде тұрақтандыру Ұлттық Банкке базалық мөлшерлемені жүйелі түрде төмендетуге мүмкіндік берді» – деді ол. Мәселен, 2016 жыл бойы Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 17%-дан 12%-ға дейін, ағымдағы жылы 10,5%-ға дейін жоспарлы түрде төмендетті. «Базалық мөлшерлеме Қазақстан Республикасындағы ақша құнының негізгі индикаторы болды. Ұлттық Банк үшін нарықтық мөлшерлемелердің нысаналы деңгейі болып табылатын TONIA индикаторы пайыздық дәліздің төменгі шегіне жақын деңгейде қалыптасуын жалғастыруда», – деп хабарлады А.Ахметов.

### **Шағын бизнесті кредиттеу 3,1 трлн. теңге ең жоғарғы мәніне жетті– Ұлттық Банк**

Мемлекеттің кәсіпкерлікке көрсеткен қолдауына, сондай-ақ банктердің жеке бағдарламаларына сәйкес шағын бизнесті кредиттеудің өсуі байқалды. Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов ҚР Парламентінің Сенатындағы баяндамасында хабарлады.

Оның айтуынша, аталған сегментте кредиттеуді ұлғайту өткен жылда 45,7%-ды (942 млрд. теңге) құрап, 3 трлн. теңгеге жетті. Ағымдағы жылдың басынан бастап өсу 2% (59,2 млрд. теңге) болды. «Шағын бизнесті кредиттеу кредиттік портфельдегі үлесін 24%-ға дейін ұлғайтып, 3,1 трлн. теңге ең жоғарғы мәніне жетті, – деді А. Ахметов. – Кредиттеу өңдеу өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында, саудада жандана түсті. Ағымдағы жылдың басынан бастап ауыл шаруашылығын кредиттеудің өсуі жалғасты, сондай-ақ көлік пен құрылысты кредиттеу ұлғайды».

А. Ахметов кредиттер бойынша мөлшерлемелер 2016 жылғы қаңтардағы 20,7%-дан 2016 жылғы желтоқсанда 15,4%-ға дейін, ағымдағы жылғы сәуірде 14,6%-ға дейін төмендейтінін атап өтті.

### **А. Ахметов: «Ұлттық Банк елдің қаржы секторын «қайта жаңғыртуды» жоспарлап отыр»**

Ұлттық Банк халықаралық қағидаттар мен практиканы ескере отырып, банк секторын қалыпқа келтіру бойынша шаралар кешенін іске асыруды бастады. Бұл жөнінде бүгін ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов ҚР Парламенті Сенатының Қаржы

және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысындағы баяндамасында мәлімдеді.

Оның сөзінше, банк секторын қалыпқа келтіру жөніндегі шаралар кешені банктер активтерінің сапасын тәуелсіз бағалауды да қамтитын болады, банктерді үстеме капиталдандыруға акционерлердің ортақ қатысу қағидаттары бойынша мемлекеттік ресурстардың есебінен ірі банктерді қолдау бағдарламасы ұсынылады.

«Бүгінгі күні өзгеріп отыратын макроэкономикалық ахуал, Базель III халықаралық ұсынымдарын ендіру, ДСҰ және БЭК шеңберінде бәсекеге қабілеттілікті күшейту жағдайында Қазақстанның банк секторында банктерді біріктіру процестері байқалады», – деді ол.

#### **А. Ахметов – қор нарығын және сақтандыру нарығын дамыту бойынша Ұлттық Банктің шаралары туралы**

Бағалы қағаздар нарығының тартымдылығын арттыру және институционалдық инвесторлардың мүмкіндіктерін кеңейту үшін қазіргі таңда Ұлттық Банк эмитенттер мен инвесторлардың қор нарығындағы қызметін ырықтандыру, қор нарығының инфрақұрылымын жетілдіру, қаржы секторына жаңа технологиялар енгізу бойынша шараларды іске асыруда. Бұл жөнінде ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов бүгін ҚР Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысында жасаған баяндамасында хабарлады.

Ол «ағымдағы жылы Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесе отырып, нақты шаралары, мерзімдері және күтілетін нәтижелері бар қор нарығын дамытудың кешенді бағдарламасын әзірлеуді жоспарлап отырғанын» айтты.

Сондай-ақ А. Ахметов сақтандыру нарығын дамыту бойынша ҚРҰБ-ның жоспарлары туралы айтты. «Сақтандыру секторын дамыту үшін ерікті және міндетті сақтандыру бөлігіндегі нормаларды жетілдіруге, сақтандыру нарығының кәсіби қатысушылары мен инфрақұрылымдық ұйымдардың қызметін жетілдіруге бағытталған жеке заң жобасын әзірлеу жоспарланып отыр», – деп хабарлады ол.

Баяндаманы қорытындылай келе, А. Ахметов «Ұлттық Банк инфляциялық процестерді тұрақтандыру, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және қаржы нарықтарын дамыту бойынша жұмысты жалғастыратынын» атап өтті.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)